

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Атасу-Алашанькоу" магистральдық мұнай құбырын пайдалану кезіндегі ынтымақтастықтың кейбір мәселелері туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 тамыздағы N 707 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Атасу - Алашанькоу" магистральдық мұнай құбырын пайдалану кезіндегі ынтымақтастықтың кейбір мәселелері туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі Бақтықожа Салахатдинұлы Измұхамбетовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Атасу - Алашанькоу" магистральдық мұнай құбырын пайдалану кезіндегі ынтымақтастықтың кейбір мәселелері туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 7 т а м ы з д а ғ ы

N 7 0 7 қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Атасу-Алашанькоу" магистральдық мұнай құбырын пайдалану кезіндегі ынтымақтастықтың кейбір мәселелері туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі (б ұ д а н ә р і - Т а р а п т а р)

2004 жылғы 17 мамырда Пекин қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы негіздемелік келісімнің н о р м а л а р ы н д а м ы т у ү ш і н ;

мұнай тасымалдау бағытының қауіпсіздігі Тараптардың одан әрі өркендеуінде және

энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын мойындай
о т ы р ы п ;

Тараптар мемлекеттерінің арасындағы достық байланыстарды нығайту және мұнай тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін құру саласындағы олардың ынтымақтастығын ынталандыру мақсатында;

мұнай тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін пайдалану кезінде барлық құқықтық, техникалық, коммерциялық, экологиялық және қаржылық факторларды назарға алу қажеттігін түсіне отырып;

халықаралық мұнай өнеркәсібіндегі қолданыстағы нормаларға және практикаға сәйкес мұнай тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін бірыңғай ережелер мен тетіктерді белгілеуге ниет ете отырып;
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімдегі анықтамалар мынадай мәндерге ие:

"Магистральдық мұнай құбыры" - мұнай құбырының желілік бөлігінен және онымен байланыстағы сорғы станцияларынан, мұнай қоймаларынан және Қазақстан Республикасының аумағындағы (Атасу) мұнайды тазалау құрылғысын қосу камерасынан және Қытай Халық Республикасының аумағындағы (Алашанькоу) мұнайды есепке алу торабына дейін қоса алғанда мұнайды қауіпсіз тасымалдауға арналған басқа да технологиялық объектілерден тұратын бірыңғай бөлінбейтін мүлдіктік өндірістік-технологиялық кешен;

"Мұнай" - шикі мұнай, газ конденсаты және табиғи газ, сондай-ақ шикі мұнайды, табиғи газды тазалаудан және жанғыш тақта тастарды немесе шайырлы құмды өңдеуден кейін алынған көмірсутектер;

"Техникалық реттеу және метрология органдары" - Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті, Қытай Халық Республикасында - Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік сапаны қадағалау, инспекция және карантин бас б а с қ а р м а с ы ;

"Қазақстан-қытай шекарасы арқылы магистральдық мұнай құбырымен өткізілетін мұнайды өткізу пункті" - магистральдық мұнай құбырын коммерциялық есепке алатын а с п а п т а р о р н а т ы л ғ а н ж е р ;

"Мұнайды тасымалдау" - магистральдық мұнай құбыры арқылы мұнайды қабылдау, қайта айдау, операторлық қызмет, құю, сақтау, араластыру, қотару және өткізу және м ұ н а й д ы т а п с ы р у ;

"Тариф" - магистральдық мұнай құбырымен мұнайды тасымалдау жөніндегі қызметтер құнының ақшалай түрі;

"Уәкілетті ұйым" - 2004 жылғы 17 мамырда "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы мен Қытай Ұлттық Мұнай-газ Корпорациясы арасындағы Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры құрылысының негізгі принциптері туралы келісімге сәйкес құрылған "Қазақстан-Қытай құбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

"Пайдалану" - магистральдық мұнай құбырының тұрақты, үздіксіз, тиісінше және тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті қызмет түрлері, сондай-ақ техникалық қызмет көрсетуді, ағымдағы және авариялық жөндеуді қоса алғанда, солармен байланысты өзге де іс-әрекеттер.

2-бап

Тараптар мұнайды тасымалдауға және магистральдық мұнай құбырын пайдалануға ықпал етеді.

3-бап

Тараптар Атасудан (Қазақстан Республикасы) бастап Алашанькоуға (Қытай Халық Республикасы) дейінгі магистральдық мұнай құбыры уәкілетті ұйымға меншік құқығында тиесілі екендігін мойындайды.

4-бап

Магистральдық мұнай құбырының объектілерін пайдалануға қабылдап алу рәсімдерінің біртұтастығын қамтамасыз ету мақсатында Тараптардың әрқайсысы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес әрекет ететін Тараптар мемлекеттерінің қабылдау комиссияларының актілерін мойындайды.

5-бап

Тараптар мемлекеттерінің тиісті уәкілетті органдарының техникалық түгендеуді және уәкілетті ұйымның магистральдық мұнай құбырына және ол орналасқан жер учаскелеріне құқықтарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруын қамтамасыз етеді, сондай-ақ магистральдық мұнай құбырында бірыңғай технологиялық байланысты жүргізуге және қамтамасыз етуге Тараптар жан-жақты көмек көрсетеді.

6-бап

Магистральдық мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдаудың соңғы пункті Алашанькоу есепке алу станциясының аумағында орналасқан мұнайды есепке алу торабы Қазақстан-қытай шекарасы арқылы өткізілетін мұнай өткізу пункті болып табылады.

7-бап

1. Техникалық біртектілікті қамтамасыз ету мақсатында Тараптардың әрқайсысы сертификаттау, метрология және стандарттар тізбесі жөніндегі өзара келісілген рәсімдердің қолданылуын қамтамасыз етеді.

2. Осы баптың 1-тармағын орындау үшін Тараптар келісілген шарттарда техникалық реттеу және метрология жөніндегі нормативтік құжаттардың өзара берілуін қамтамасыз етеді.

3. Тараптардың техникалық реттеу және метрология органдары аккредиттеген заңды тұлғалар Тараптардың техникалық реттеу және метрология органдарымен келісілген мерзімдерде Алашанькоу есепке алу станциясының аумағында орналасқан мұнайды есепке алу торабының өлшеу құралдары мен сапа зертханаларына бірлесіп мерзімді тексерулер жүргізеді.

4. Қытай Халық Республикасының тиісті органдары Қазақстан Республикасының техникалық реттеу және метрология органы уәкілеттік берген тиісті заңды тұлғалардың сынақтар өткізу, оның ішінде сертификаттық сынақтардың түрін бекіту, тексеру, мұнайдың мөлшері мен сапасын өлшеу құралдарын метрологиялық аттестаттау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

5. Өткізу пунктінде мұнайдың мөлшерін есептеу және сапасын анықтау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Тараптар Тараптардың техникалық реттеу және метрология органдарында тіркелген өлшеуді орындаудың бірыңғай әдістемесін қолданады.

8-бап

Қытай Халық Республикасының Үкіметі қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының техникалық реттеу және метрология органдарының уәкілетті қызметкерлеріне метрологиялық бақылауды жүзеге асыру үшін Алашанькоу есепке алу станциясының аумағында орналасқан мұнайды есепке алу коммерциялық торабына және сапа зертханасына қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

9-бап

Қазақстан Республикасының техникалық реттеу және метрология органдары Қытай Халық Республикасының Даму және реформалар жөніндегі мемлекеттік комитетіне осы Келісімнің 8-бабын іске асыру мақсатында тоқсан сайын Қазақстан Республикасының техникалық реттеу және метрология органдарының уәкілетті лауазымды адамдарының тізімдерін тапсырады.

10-бап

Магистральдық мұнай құбырымен қазақстан-қытай шекарасы арқылы өткізілетін мұнайды кедендік бақылау мәселелері 2006 жылғы 20 желтоқсанда Пекин қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай кеден шекарасы арқылы құбыржол көлігімен өткізілетін энергия ресурстарын кедендік бақылау туралы келісіммен реттеледі.

11-бап

Табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы, мұнайды тасымалдау бойынша шығындарды және пайда алу мүмкіндіктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген рәсімдерге сәйкес тарифті бекітеді.

12-бап

Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімді іске асыру жөніндегі құзыретті органдары м ы н а л а р б о л ы п т а б ы л а д ы :

қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық р е с у р с т а р м и н и с т р л і г і ;

қытай Тарапынан - Қытай Халық Республикасы Даму және реформалар жөніндегі м е м л е к е т т і к к о м и т е т і .

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар дипломатиялық арналар арқылы уақтылы хабардар етіледі.

13-бап

Уәкілетті ұйымның Тараптар мемлекеттерінің аумағында орналасқан кез келген өзге мүліктері сияқты, магистральдық мұнай құбырының объектілері, олар орналасқан жер учаскелері мемлекет меншігіне алуға, экспроприациялауға немесе мемлекет меншігіне алуға немесе экспроприациялауға (бұдан әрі - экспроприациялау) ұқсас салдарға ие шаралар қолдануға жатпайды, бұларға мұндай экспроприациялау:

мемлекет мүдделеріне сай келетін мақсатпен;

к е м с і т п е у ш і л і к п е н ;

тиісті құқықтық рәсімдерді сақтай отырып; және

бір мезгілде тез, жеткілікті және тиімді өтемақы төлей отырып жүзеге асырылған ж а ғ д а й л а р к і р м е й д і .

Мұндай өтемақының мөлшері экспроприацияланған мүліктің тікелей

экспроприациялау алдындағы сәттегі немесе алдағы экспроприациялау туралы хабар осы мүліктің құнына әсер еткен сәтке дейінгі әділетті нарықтық құнына сәйкес келеді.

14-бап

1. Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2. Хаттамалар осы Келісімнің 17-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді және өзінің қолданылуын тоқтатады.

15-бап

1. Осы Келісімнің ережелері Тараптардың мұнай тасымалдау саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың өзге нысандарына жүгіну құқықтарын жоққа шығармайды.

2. Осы Келісімнің ережелері кез келген басқа, мұнай тасымалдау саласындағы күшінде тұрған, Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардың, сондай-ақ Тараптар арасында жасалған өзге де халықаралық шарттардың қолданылуын өзгертеді немесе тоқтатады деп түсіндірілмейді.

16-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және (немесе) қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар жолымен шешетін болады.

17-бап

Осы Келісім дипломатиялық арналар арқылы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптардың біреуі екінші Тараптың оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алғаннан кейін алты айдан соң өзінің қолданылуын тоқтатады.

Осы Келісім 2007 жылғы " _____ " _____ қаласында, әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде жасалды екі түпнұсқа данада, бұл ретте барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының *Қытай Халық Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК